

## Жаңа көшеге атау беру туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы Қақпатас ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 15 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 желтоқсанда № 2433 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және тиісті елді мекен халқының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қақпатас ауылдық округіне қарасты Қақпатас ауылындағы жаңа көшеге " Жыланкөзбай Жантеліұлы" атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қақпатас ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы - әскери есеп столының инспекторы Д. Кумбашевқа жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*С. Естаев*